



**Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 342 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 шілдедегі № 603 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.07. 2021 бастап қолданысқа енгізіледі**

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 25-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 26 мамырдағы  
№ 342 қаулысымен  
бекітілген

**Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесі**

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілері:

- 1) "Интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесі;
- 2) "Интеграцияланған деректерді сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 3) "Акциз" ақпараттық жүйесі;
- 4) "Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің тізілімі" ақпараттық жүйесі;
- 5) "Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;

- 6) "Деректерді бірыңғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 7) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;
- 8) "Интеграцияланған деректер базасы" ақпараттық жүйесі;
- 9) "Ақпараттық есепке алу орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 10) "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 11) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 12) "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 13) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 14) "Азаматтық хал актілерінің жазбалары" ақпараттық жүйесі;
- 15) атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 16) "е-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесі;
- 17) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
- 18) "Талдау орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 19) "Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі;
- 20) "Сервистік орталық" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 21) "Сатып алудың бірыңғай терезесі" ақпараттық жүйесі;
- 22) көліктік дерекқордың және тасымалдаулар қауіпсіздігі мониторингінің ақпараттық-талдау жүйесі.